

## Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша қаражатын басқару тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 9 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылды 17 қаңтарда № 7381 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 540 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 706 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2016 № 540 және ҚР Қаржы министрінің 30.12.2016 № 706 бірлескен бұйрығымен ( алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ).

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 14.12.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау әдістемесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша қаражатын басқару тиімділігін бағалау әдістемесі бекітілсін ( қызмет бабында пайдалану үшін).

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 14.12.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың:

1) "Мемлекеттік органның бюджет қаражатын тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 673 бұйрығының;

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің бюджеттік қаражатты басқару жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 50 бүйріғының;

3) "Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқару жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша қаражатын басқару жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау әдістемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 645 бүйріғының күші жойылсын.

3. Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (А.Н. Қалиева) осы бүйріқтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйріқ оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2012 жылғы 10 қаңтардағы  
№ 9 бүйріғына  
1-қосымшасы

## **Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау әдістемесі**

**Ескерту. Әдістеменің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 14.12.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығын іске асну мақсатында әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің м.а. 14.12.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Әдістеме бюджет қаражатының бекітілген немесе аз көлемін пайдалана отырып, ең жақсы тікелей нәтижеге қол жеткізу мақсатында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатын пайдаланудың нәтижелігі мен тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың тиімділігін анықтауға арналған.

3. Орталық мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалауды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады (бұдан әрі – Тиімділікті бағалау).

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала және астана бюджетінен қаржыландырылатын бюджеттік даму бағдарламаларын, сондай-ақ ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалауды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қызметінің тиімділігін бағалауды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кенсесі жүзеге асырады.

5. Тиімділікті бағалау жүргізу үшін мемлекеттік қаржылық бақылау органдары 15 ақпаннан кешіктірмей ұсынымдар мен қаулылар негізінде бағаланатын кезеңдегі бақылау нәтижелері және олардың орындалуы туралы ақпаратты Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік жүйе деңгейлеріне қарай бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға береді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.**

6. Тиімділікті бағалау:

1) орталық мемлекеттік органдардың төмен тұрған бюджеттеріне бөлінген субвенциялардан, бөлінетін бағдарламалардан, нысаналы трансфертерден және кредиттерден басқа, барлық бюджеттік бағдарламалар.

Бұл ретте бөлінетін бағдарламалар белгіленген тәртіpte шығыстар бөлінетін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бағалануына жатады.

2) құқық қорғау органдарының объектілерін дамытуға бағытталған бюджеттік даму бағдарламаларын қоспағанда, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының бюджеттік даму бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің 2014.09.24 № 412 (ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа**

(енгізіледі); өзгеріс енгізілді - КР Қаржы министрінің м.а. 14.12.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Орталық мемлекеттік органдар және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдіктері тиімділікті бағалауды жүргізу үшін ұсынылатын ақпараттың дұрыстығын және толықтығын қамтамасыз етеді.

8. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган барлық мемлекеттік органдар бойынша орталық мемлекеттік органдар және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдіктері ұсынған деректерді ірікten қайта тексереді.

## **2. Бюджет қаражатын басқаруды бағалау жүргізу**

9. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне мынадай ақпаратты ұсынады:

1) Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджет қаражатының игерілмеу себептері;

2) Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" критерийі бойынша талдау нәтижелері туралы ақпаратты;

3) Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрылыш және реконструкциялау объектілерінің құнының қымбаттауы туралы ақпаратты;

4) түсіндірме жазбаны.

Орталық мемлекеттік органдар, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органды қоспағанда және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдіктері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мынадай ақпаратты:

1) Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" критерийі бойынша талдау нәтижелері туралы ақпаратты (орталық мемлекеттік органдардан басқа);

2) Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрылыш және реконструкциялау объектілері құнының қымбаттауы туралы ақпаратты;

3) түсіндірме жазбаны береді.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.**

10. Түсіндірме жазба орталық мемлекеттік/жергілікті атқарушы орган қызметінің тиімділігін жүргізілген талдау нәтижелерін алдыңғы жылмен салыстыра отырып, күшті және әлсіз жақтарын көрсетіп, мына критерийлер бөлінісінде қамтуы тиіс:

1) "Бюджетті жоспарлау және атқару сапасының деңгейі" критерийі бойынша :

тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттік бағдарламалар/ облыс, республикалық маңызы бар қала, астана жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік даму бағдарламалары әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражатының атқарылу пайызы;

бюджеттік бағдарламалар арасында қаражатты қайта бөлу үшін себептері мен негізdemелерін көрсете отырып, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік жалпы көлемінде бюджеттік бағдарламалар арасында бюджетті нақтылау кезінде қайта бөлінген қаражаттың ара қатынасының үлесі;

бюджеттік инвестициялық жобаның сметалық құнын ұлғайту фактілерінің болуы және бюджеттік инвестициялық жобаның сметалық құнын ұлғайту себептері;

дебиторлық және кредиторлық берешектердің пайда болу себептерін және оны қысқарту жөнінде қабылданған шараларды көрсете отырып, республикалық бюджеттік бағдарламалар/облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік даму бағдарламалары әкімшісінің ағымдағы жылды және өткен жылдарды бөле отырып, дебиторлық және кредиторлық берешектердің болмауы/болуы немесе өзгеруі көрсетіледі;

2) "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бағаланатын кезеңде тексеру қорытындылары бойынша бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы" критерийі бойынша:

тексеру жүргізген мемлекеттік қаржылық бақылау органдары;

есепті кезеңдегі тексерулер саны;

ішкі бақылау қызметтерінің тексерулерін қоспағанда, мемлекеттік органдардың және оның ведомстволық бағынысты мекемелерінің бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының жалпы көлемі;

есепті кезеңде анықталған бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтар, оның ішінде:

бюджетке қаражаттың түсі қозғалыс (кіріс бөлігі);

бюджет қаражатын және мемлекеттің активтерін пайдалану кезеңде;

бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезеңде;

мемлекеттік қарыз туралы шартпен белгіленген қарызды жабу датасын ұзартқан кезде;

бюджеттік рәсімдер мен мемлекеттік сатып алу туралы рәсімдерді орындаудың, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мемлекеттік сатып алуштың бірыңғай ұйымдастыруши орындауға жатқызылған

мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушыны таңдаудың белгіленген мерзімін, тәртібін сактамау көрсетіледі;

Бұдан әрі есепті кезеңде бақылаумен қамтылған бюджет қаржатының жалпы көлемінен бұзушылықтардың үлесі келтіріледі.

Мемлекеттік органда анықталған бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтардың жалпы сомасы мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған бұзушылықтарды қосу жолымен айқындалады.

Бақылаумен қамтылған бюджет қаржатының көлемі мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылаумен қамтыған қаржат көлемдерін қосу жолымен айқындалады.

Мемлекеттік органдар шығыстарының жалпы көлемінде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тиімділік қағидатына сәйкес келмейтін шығыстар.

Мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік қаржылық бақылау органдары растаған шағымдардың болмауы/болуы;

3) "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген нұсқамаларды және қаулыларды орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" критерийі бойынша:

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының енгізілген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес бюджеттің кірісіне қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасының жалпы көлеміне шаққанда белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемі (сот талқылауларына байланысты өтеуге жататын сомаларды қоспағанда);

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының енгізілген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алушы көрсету жолымен қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасының көлемі;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының енгізілген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алушы көрсету жолымен бюджетке қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасына шаққанда белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының көлемі (сот талқылауларына байланысты қалпына келтіруге жататын соманы қоспағанда).

"Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бағалау кезеңіндегі тексеру қорытындылары бойынша бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы" және "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының енгізілген ұсынымдары мен қаулыларын орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" критерийлері бойынша ішкі бақылау қызметтерінің жұмысы бойынша ақпарат талдамалы мақсатта жеке көрсетіледі.

4) "Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" критерийі бойынша:

республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары бөлінісінде, оның ішінде бөлінетін бюджеттік бағдарламалардан қаражат алғынған бағдарламалар бойынша тікелей нәтижелерге қол жеткізу көрсеткіштері көрсетіледі, ал облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының бюджеттік даму бағдарламалары бойынша тікелей нәтижелердің көрсеткіштері себептері көрсетіле отырып, тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткен немесе ішінара қол жеткен бюджеттік инвестициялық жобалар бөлінісінде көрсетіледі;

себептерін көрсете отырып, тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген бюджеттік бағдарламалар тізбеленеді.

бағаланып отырған кезеңдегі мемлекеттік органның барлық бюджеттік бағдарламалары тікелей нәтижесінің іс жүзінде қалыптасқан орташа балын өткен жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстыру жүзеге асырылады;

мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының құрамында бекітілген бюджеттік бағдарламалардың нәтижелік көрсеткіштерін және/немесе стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларын олардың болуына немесе болмауына талдауды жүзеге асырылады;

объектілерді белгіленген мерзімде беру (іске қосу), объектілерді беру (енгізу) көзделген бюджеттік бағдарламалардың саны және есепті кезеңде пайдалануға беру жоспарланған объектілердің саны көрсетіледі. Уақтылы пайдалануға берілмеген объектілер бойынша объектілердің жалпы санына уақтылы пайдалануға берілмеген объектілердің үлесі келтіріледі, сондай-ақ пайдалануға берудің кешігу себептері көрсетіледі;

5) "Бюджеттік бағдарламаны орындау тиімділігі" критерийі бойынша бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігі бюджеттік бағдарламалар бойынша игерілу пайызымен бірге бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижесіне жеткізудің пайыз қатынасымен айқындалады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599, өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2014.09.24 № 412 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.12.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

11. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган дайындаған мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау нәтижелері туралы қорытындылар Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға берілетін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері туралы жалпы қорытындыда:

жүргізілген бағалау туралы есеп;

он жақтары мен кемшіліктері көрсетіле отырып, бағалау критерийлері бойынша нәтижелерді талдау;

тұрақты сипаттағы бюджетті орындау кезінде анықталған жүйелі кемшіліктер мен түйткілді мәселелер;

мемлекеттік органдардың қызметін жақсарту бойынша қорытындылар мен ұсынымдар;

республикалық бюджет бойынша бюджет қаражатын игеру жөніндегі және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының бастапқы бекітілген, нақтыланған және түзетілген бюджеттерін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен жергілікті атқарушы органдар бойынша бөле отырып, бюджеттік бағдарламаларын игеру жөніндегі ақпарат;

"Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бағалау кезеңіндегі тексеру қорытындылары бойынша бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы" және "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ұсынымдар мен қаулыларды орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" критерийлері бойынша талдамалы мақсатта пайдаланылатын ішкі бақылау қызметінің іс-әрекеті бойынша ақпарат жеке көрсетіледі.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.**

12. Қызмет тиімділігі Әдістемеге 7-қосымшаға сәйкес 100 баллдық шәкіл бойынша баллдар критерийлері және көрсеткіштер бойынша бағаланады.

### **3. "Бюджетті жоспарлау және атқару сапасының деңгейі" критерийі бойынша бағалау**

**Ескерту. 3-тарау жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.**

13. Тиісті қаржы жылына бөлінген қаражатты игеру" көрсеткіші бойынша бағалау республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары/облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік даму бағдарламалары бойынша бюджет қаражатының атқарылу пайызын көрсетеді.

Осы көрсеткіш бойынша бағалау жүргізу кезінде мемлекеттік органның игерілмеген қаражат сомасынан Республикалық бюджет комиссиясының шешімімен тоқтатыла тұрған шығыстар сомасы алып тасталады.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша балл Әдістемеге

7-қосымшада көрсетілген мәндерге критерийлер мен көрсеткіштер балдарына сәйкес айқындалады.

Жергілікті атқарушы органдар бойынша осы көрсеткіш жөніндегі бағалау барлық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша орташа балл түрінде айқындалады.

"Шығыстардың бекітілген көлеміне бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қайта бөлінген қаражатының көлемі" көрсеткіші бойынша бағалау бюджет қаражатының азауы бөлігінде республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдың бекітілген бюджетінің жалпы көлеміндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша бюджетті нақтылау кезінде қайта бөлінген қаражаттың ара қатынасының үлесін анықтауға негізделеді.

Қайта бөлінген қаражаттың көлемі қаржы жылдының ішінде барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша бекітілген жоспарлы тағайындаулар мен түзетілген жоспар арасындағы айырма жолымен есептеледі. Бұл ретте барлық нақтылаулардағы азайтылған жоспарлы тағайындаулар сомасы есепке қабылданады.

Осы көрсеткіш бойынша бағалау жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес шығыстарды қысқарту, функциялар мен өкілеттіктердің аражігін ажыратуға байланысты түзету, мемлекеттік органдарды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) кезінде, Қазақстан Республикасы шығыстардың бірынғай бюджеттік сыныптамасына өзгерістер енгізу, бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне қосымша ақша қаражатын бөлу не секвестрлеу кезінде, бюджетті нақтылау және түзету кезінде бюджеттік бағдарламалардың ақшасын қайта бөлу жағдайлары ескерілмейді.

Осы көрсеткіш бойынша бағалау жүргізу кезінде кросс-бағамдардың ауытқуларына байланысты нақтылаулар есепке алынбайды.

"Бюджеттік инвестициялық жобалардың сметалық құнын ұлғайту фактілерінің болмауы немесе болуы" көрсеткіші бойынша бағалау бюджеттік инвестициялық жобаның құнын ұлғайтуға ұшыратқан бюджеттік инвестициялық жобалардың қаржылық-экономикалық негіздемесін, жобалау-сметалық күжаттамасын түзету жағдайларының бар не жоқ екендігін көрсетеді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының құрылымы нормаларына және қағидаларына өзгерістер енгізу нәтижесінде бюджеттік инвестициялық жобаның құнын ұлғайту жағдайлары ерекшелік болып табылады.

Бюджеттік инвестиациялық жобаның сметалық құнын ұлғайту фактілері болған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің/облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының бюджеттік инвестиациялық жобасының қымбаттау пайызы есептеледі.

Бұл ретте бюджеттік инвестиациялық жобаның сметалық құнының қымбаттау пайызы инвестиациялық жобаның жобалау-сметалық құжаттамасында көзделген оның бастапқы құнына қатысты есептеледі.

Осы көрсеткіш бойынша бағалау жүргізу кезінде кросс-бағамдардың ауытқуларына байланысты қымбаттаулар ескерілмейді.

Егер бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жобалау-сметалық құжаттама негізінде бюджеттік инвестиациялық жобаларды іске асыруды көзdemеген жағдайда, осы өлшем бойынша 2 балл беріледі.

Бұл ретте орталық мемлекеттік органдар мен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары Әдістемеге 4-қосымшаға бір жыл үшін құрылымы және реконструкция объектілері құнының қымбаттауы туралы сәйкес ақпарат береді.

"Дебиторлық және кредиторлық берешектердің болмауы" көрсеткіші бойынша бағалау республикалық бюджеттік бағдарламалар/облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының бюджеттік даму бағдарламалары әкімшісінің дебиторлық/кредиторлық берешектерінің болмауын/булуын немесе өзгеруін көрсетеді.

Дебиторлық берешекте қызметтерді берушілердің растаушы құжаттарды уақтылы бермеуі себебінен бағаланып отырған жылдың аяғында пайда болған, көрсетілген коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтері бойынша келесі жылдың қантарында өтелуге жататын ағымдағы дебиторлық берешек есепке алынбайды.

Дебиторлық берешектің жалпы сомасында жалғасатын халықаралық инвестиациялық жобалар бойынша, инновациялық гранттар беру бойынша пайда болған дебиторлық берешек сомасы есепке алынбайды.

Кредиторлық берешекте мердігердің қабылдаған міндеттемелерді орындаудың қамтамасыз ету мақсатында ұсталған орындалған жұмыстар көлемінің 5%-ы мөлшерінде кредиторлық берешек, бюджет қаражатын секвестрлеу нәтижесінде туындаған кредиторлық берешек есепке алынбайды.

Дебиторлық/кредиторлық берешектің өзгеруін бағалау бағаланып отырған кезеңдегі берешекті өткен жылдың осыған ұқсас көрсеткішімен салыстыру

жолымен жүзеге асырылады және Әдістемеге 7-қосымшада көрсетілген критерийлер мен көрсеткіштер балдарына сәйкес айқындалып қойылады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің м.а. 14.12.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрекмен.**

14. Есепті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңы, жергілікті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті туралы мәслихаттың шешімі, республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңын және жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдерін іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулылары және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарлары, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы талдамалы есеп, жылдың қорытындылары бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есеп, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есепті қаржы жылына арналған дебиторлық берешегі туралы есеп, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есепті қаржы жылына арналған кредиторлық берешегі туралы есеп ақпарат көздері болып табылады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің м.а. 14.12.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрекмен.**

15. Республикалық бюджеттік бағдарламалар/облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының бюджеттік даму бағдарламалары әкімшісінің тиісті қаржы жылына арналған бюджетті жоспарлау және атқару сапасының деңгейін талдау нәтижелері бойынша Әдістемеге 7-қосымшада сәйкес тиісті балл беріледі.

#### **4. "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексеріс қорытындылары жөніндегі бюджеттік және өзге де заңнаманы бұзушылықтардың болмауы" критерийі бойынша бағалау**

16. "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бағалау кезеңіндегі тексеру қорытындылары бойынша бюджеттік және өзге де заңнаманы бұзушылықтардың болмауы" критерийі бойынша бағалау жүргізу кезінде:

тексеру жүргізген мемлекеттік қаржылық бақылау органы;  
есепті кезеңдегі тексерулер саны;

ішкі бақылау қызметтерінің тексерулерін қоспағанда, мемлекеттік органның және оның ведомстволық бағынысты мекемелерінің бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының жалпы көлемі;

есепті кезеңде анықталған бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтар, оның ішінде:

бюджетке қаражаттың түсі қозғалыс (кіріс бөлігі);

мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін пайдалану қозғалыс (кіріс бөлігі);

бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау қозғалыс (кіріс бөлігі);

мемлекеттік қарыз туралы шартпен белгіленген қарызды жабу датасын ұзартқан кезде;

бюджеттік ресімдер мен мемлекеттік сатып алу туралы ресімдерді орындаудың, оның ішінде мемлекеттік сатып аруды ұйымдастыруышыны таңдаудың белгіленген мерзімін, тәртібін сақтамау көрсетіледі;

мемлекеттік органдар шығыстарының жалпы көлемінде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тиімділік қағидатына сәйкес келмейтін шығыстар;

мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік қаржылық бақылау органдары растаған шағымдардың болмауы/болуы көрсетіледі.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 14.12.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

17. Бақылау обьектісінің Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге заңнамасының талаптарына, шынайылығына, негізділігіне және қаржылық есептілікті уақтылы жасау және ұсынуға және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру барысында тікелей және түпкі нәтижеге қол жеткізу тиімділігіне сәйкестік мәніне өткізілген тиісті мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау материалдары ақпарат көзі болып табылады, сондай-ақ мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау актілеріне сот шешімдері болып табылады.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бүйрүғымен.**

18. Баға Әдіstemеге 7-қосымшада көрсетілген мәндерге сәйкес қойылады.

## **5. "Ішкі бақылау қызметтері енгізген ұсынымдары мен қауулыларды орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" критерийі бойынша бағалау**

**Ескерту. 5-тарау жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 2012.12.29 № 581 Бүйрүғымен.**

19. "Бюджет қаражатының жалпы көлеміне ішкі бақылау қызметтерімен тексерілген бюджет қаражатының көлемі" критерийі бойынша бағалау:

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасының көлемін;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша енгізген нұсқамалар мен қаулыларға сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасына шаққанда белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемі (сот істеріне байланысты орнын толтыруға жататын сомаларды қоспағанда);

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасының көлемін;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алу бойынша көрсету жолымен бюджетке қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасына қарағанда белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының көлемін.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599, өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2014.09.24 № 412 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

20. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдары мен қаулылары ақпарат көзі болып табылады.

21. Баға Әдіstemеге 7-қосымшада көрсетілген мәндерге сәйкес қойылады.

## **6. "Мемлекеттік органдың ішкі бақылау қызметінің жұмысы" критерийі бойынша бағалау**

Ескерту. 6-тарау алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.

## **7. "Шығыстардың бекітілген көлеміне бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаражатының қайта бөлінген көлемі" критерийі бойынша бағалау**

Ескерту. 7-тарау алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.

## **8. "Бюджетті атқару жөніндегі ұйымдастыру шаралары" критерийі бойынша бағалау**

Ескерту. 8-тарау алдынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.

## **9. "Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" критерийі бойынша бағалау**

Ескерту. 9-тарау жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.

34. "Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" көрсеткіші бойынша бағалау

Осы бюджеттік бағдарлама бойынша бюджеттік қаражат шегінде көзделген орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілдіктер мен көрсететін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасын көрсететін көрсеткіштер тікелей нәтиже көрсеткіштері болып табылады.

35. Бір бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалау мақсаттарымен және міндеттерімен бюджет қаражатын тікелей алушылардың іс жүзінде қол жеткен іс-шараларын салыстыру жолымен әрбір іс-шараның іс жүзінде қол жеткізілген сандық көрсеткіштерінің жоспарланғанымен ара қатынасы арқылы жүзеге асырылады.

Жарғылық капиталдың артуын көздейтін бағдарламалар бойынша нәтижелерге қол жеткізуді бағалау іске асырылуы бағаланатын қаржы жылында көзделген техникалық-экономикалық негізdemede көрсетілген іс-шаралар бойынша жүзеге асырылады.

36. Егер бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтижелердің көрсеткіштері тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін сандық сипаттамалардың орнына іс-шараларды көздеген жағдайда, онда осы бюджеттік бағдарлама тікелей нәтижеге қол жеткізілмеген және сапасыз жоспарлаудың нәтижесі ретінде бағаланады.

37. Бір бюджеттік бағдарлама шенберіндегі тікелей нәтижелердің барлық көрсеткіштерінің орташа мәні барлық көрсеткіштердің нәтижелерін, оның ішінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі объективті, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне тәуелсіз себептерге (форс-мажорлық жағдайларға) байланысты қол жеткізбеген көрсеткіштерді ескере отырып шығарылады.

Жергілікті атқарушы орган бойынша бір инвестициялық жоба шенберіндегі тікелей нәтижелердің барлық көрсеткіштерінің орташа мәні барлық көрсеткіштердің нәтижелерін, оның ішінде бюджеттік бағдарламалардың

әкімшісі обьективті, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне тәуелсіз себептерге (форс-мажорлық жағдайларға) байланысты қол жеткізбекен көрсеткіштерді ескере отырып шығарылады, одан әрі бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде барлық инвестициялық жобалар бойынша орташа мән шығарылады.

38. Бір бюджеттік бағдарлама шеңберіндегі тікелей нәтиженің балы Әдістемеге 7-қосымшада көрсетілген мәндерге сәйкес айқындалады.

39. Одан әрі барлық республикалық бюджеттік бағдарламалар, облыстың жергілікті атқарушы органдардың критерий бойынша бағалау барлық жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тікелей нәтижелері көрсеткіштерінің орташа балы айқындалады.

Жергілікті атқарушы органдардың критерий бойынша бағалау барлық жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тікелей нәтижелері көрсеткіштерінің орташа балы түрінде анықталады.

**Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2014.09.24 № 412 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40. Барынша жоғары балл Әдістемеге 7-қосымшада көрсетілгеннен аса алмайды.

41. Бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде осы критерийдің көрсеткіштері артық орындалған жағдайда "100%" көрсеткіші бойынша балл беріледі.

42. "Бюджеттік бағдарламалар нәтижелігінің көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" көрсеткіші бойынша бағалау мемлекеттік органдың стратегиялық жоспарының және/немесе стратегиялық жоспарды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары құрамында бекітілген бюджеттік бағдарламалар тиімділігінің көрсеткіштерін талдау жолымен жүзеге асырылады.

Барлық бюджеттік бағдарламаларында мемлекеттік органдың тиісті мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары мен бағалауына жататын сандық өлшемді болып табылатын нәтижелік көрсеткіштерінің болған жағдайда ең жоғары балл беріледі

Тікелей және/немесе түпкілікті нәтижелер болмаған не тікелей нәтижеге қол жеткізуі бағалауға мүмкіндік бермейтін сандық сипатының орнына, түпкілікті нәтижелері бар тікелей нәтижелерді қайталайтын түпкі нәтижелерімен тікелей нәтижелерді қайталайтын іс-шаралардың болуы, басқа бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштерімен бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерін қайталау, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына бюджеттік бағдарламалар

әкімшісінің мақсаттары мен міндеттеріне және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің сәйкес келмеуі болған жағдайда 0 балл беріледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша тиісті балл берілетін осы көрсеткіш бойынша тиімділіктің орташа балы анықталады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар, облыстың жергілікті атқарушы органдары, республикалық маңызы бар қала, астананың әкімшісі бойынша барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша тиісті балл берілетін осы көрсеткіш бойынша бағаланатын барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша орташа балл анықталады.

Баға Әдістемеге 7-қосымшада көрсетілген мәндерге сәйкес қойылады.

**Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2014.09.24 № 412 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

43. Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарының 7 "Бюджеттік бағдарламалар" тарау және оны іске асыру жөніндегі есеп, ал стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша бекітілген бюджеттік бағдарламалар мен оларды іске асыру жөніндегі есептер, сондай-ақ есепті кезеңдегі тікелей көрсеткіштерге қол жеткізу дің іс жүзіндегі мәнін растайтын құжаттар, оның ішінде орындалған жұмыстардың актілері, объектілерді қабылдап алу, мемлекеттік сараптама қорытындылары, жүккүжаттар, қабылдап алу-тапсыру актілері.

Белгіленген тәртіппен шығыстар бөлінген бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері, бұйрықтар, сондай-ақ оларға тиісті негіздер мен есептеулер, технико-экономикалық негіздеме.

**Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2014.09.24 № 412 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **10. "Бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижелерінің серпіні" критерийі бойынша бағалау**

**Ескерту. 10-тарау алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.**

## **11. "Бюджеттік бағдарламалардың нәтижелігінің көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" критерийі бойынша бағалау**

Ескерту. 11-тарау алғынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бүйрығымен.

## 12. "Бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі" критерийі бойынша бағалау

48. "Бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі" критерийі бойынша бағалау бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижеге қол жеткізу пайызын тиісті қаржылық жылға бөлінген қаражатты іс жүзінде игерілуінің пайызына бөлу жолымен жүзеге асырылады.

Бюджеттік бағдарламаны орындаудың тиімділігі былай анықталады:

Эф б/б = % ПР / % ОС x 100%

мұнда, Эф б/б – бюджеттік бағдарламаны орындау тиімділігі;

% ПР – тікелей нәтижеге қол жеткізу пайызы;

% ОС – бюджет қаражатын игеру пайызы.

Бюджеттік бағдарламаны орындаудың тиімділігін бағалау Әдістемеге 7-косымшада көрсетілген мәндерге сәйкес айқындалады.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесіне 90,1%-дан кем қол жеткізілген болса, онда бюджеттік бағдарламаның тиімділігі "0 пайызға" тең болады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша тиісті балл берілетін тиімділіктің орташа баллы әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша баллдарды қосу және алғынған соманы бюджеттік бағдарламаның жалпы санына бөлу жолымен айқындалады.

Жергілікті атқарушы органдар бойынша осы критерий бойынша бағалау жергілікті бюджеттік бағдарламалардың барлық әкімшілері бойынша бюджеттік даму бағдарламаларды орындаудың тиісті балл берілетін тиімділігі критерийінің орташа баллы түрінде айқындалады.

Ескерту. 48-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2012.04.25 № 219 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 2012.12.29 № 581 Бүйрықтарымен.

49. Республикалық және жергілікті бюджеттерді орындау туралы талдамалық есептер, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарының және/немесе стратегиялық жоспарды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының 7 "Бюджеттік бағдарламалар" бөлімі ақпарат көзі болып табылады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2014.09.24 № 412 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

### **13. "Дебиторлық берешектің болмауы" критерийі бойынша бағалау**

Ескерту. 13-тaraу алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.

### **14. "Кредиторлық берешектің болмауы" критерийі бойынша бағалау**

Ескерту. 14-тaraу алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.

### **15. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражатын басқару тиімділігін қорытынды бағалау**

Ескерту. 15-тaraу жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 2012.12.29 № 581 Бұйрығымен.

54. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражатын басқару тиімділігін қорытынды бағалау барлық критерийлер бойынша баллдарды қосумен және алынған мәнді түзету коэффициентіне көбейтумен айқындалады.

Қорытынды бағана есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$Q = T * P$$

мұнда,

Q – бағаланатын мемлекеттік органды бағалаудың қорытындысы;

T – барлық критерийлер бойынша алынған баллдардың қосындысы;

P – түзету коэффициенті.

54-1. Алынған тиімділіктің қорытынды бағасының мәні 100-ден артық болған жағдайда қорытынды баға 100 баллға тең болып алынады.

54-2. Түзету коэффициенті – басқа бағаланатын мемлекеттік органдармен салыстырғанда бюджет қаражатын басқару бойынша артық жүктемесі бар мемлекеттік органның қорытынды бағасын түзету мақсатында есептелетін көрсеткіш.

54-3. Түзету коэффициенті "жүктеме индексі" көрсеткішімен өлшенетін, бағаланатын мемлекеттік органның жүктемелік деңгейінің негізінде айқындалады.

54-4. Жүктеме индексі орта деңгейден артық мемлекеттік органдар үшін түзету коэффициенті 1,01-ден 1,10-ға дейінгі интервалындағы (қалыпты қадаммен) мәнді қабылдайды - осы мемлекеттік органдардың арасында аз жүктелгендерден көбіне қарай тең болінеді. Жүктемесі ең көп мемлекеттік

мекемеге қолданылатын түзету коэффициентінің барынша көп мәні 1,10 құрайды

54-5. Жүктеме индексі орта деңгейден төмен мемлекеттік органдар үшін түзету коэффициенті 1 тең болып қабылданады.

54-6. Жүктеменің орташа деңгейі орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар үшін жеке айқындалады және бағаланатын орталық мемлекеттік/жергілікті атқарушы органдардың жүктеме индексінің орташа арифметикалық ретінде есептеледі.

54-7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі үшін жүктеме индексін есептеу мүмкін еместігіне байланысты түзету коэффициенті 1 тең болып қабылданады.

54-8. Түзету коэффициентін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бағаланатын мемлекеттік орган үшін жеке есептейді. Мемлекеттік органдардың түзету коэффициенттерінің барынша көп және барынша аз мәндерін айқындау орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар үшін жеке жүргізіледі.

54-9. Жүктеме индексі – бюджет қаражатын басқару жөніндегі мемлекеттік органға арналған жүктеменің деңгейін айқындастын көрсеткіш.

Жүктеме индексі мемлекеттік органның бағаланатын бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражаты көлемінің көрсеткіші негізінде (есепті кезеңде түзетілген бюджет) мың теңге есептеледі.

**Ескерту. 54-9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.**

54-10. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.

54-11. Жеке мемлекеттік орган үшін жүктеме индексін есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$S_i = b_i$$

мұнда,

$S_i$  – осы көрсеткіштің мәні;

$b_i$  – салыстырмалы түрге келтірілген, мемлекеттік органдардың бағаланатын бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражаты көлемінің көрсеткіші (i).

**Ескерту. 54-11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.**

54-12. Салыстырмалы түрге келтірілген, мемлекеттік органдардың бағаланатын бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражаты көлемінің көрсеткішін есептеу мына формула бойынша есептеледі:

$$b_i = \frac{R_i - R_{min}}{R_{max} - R_{min}}$$

мұнда,

$R_i$  –

мемлекеттік органдардың бағаланатын бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражаты көлемінің көрсеткіші (i);

$R_{min}$  –

бағаланатын мемлекеттік органдардың арасында бағаланатын бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет қаражаты көлемі көрсеткішінің ең аз мәні;

$R_{max}$  –

бағаланатын мемлекеттік органдардың арасында бағаланатын бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет қаражаты көлемі көрсеткішінің ең көп мәні.

54-13. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.

54-14. Алынған бағалау нәтижесіне сәйкес мемлекеттік орган қызметінің тиімділігі деңгейі анықталады. Мемлекеттік орган тиімділігінің жоғары деңгейі 90-дан 100 баллға дейін бағалау көрсеткішіне, 70-тен 89, 99 баллға дейін орташа баллға, 50-ден 69, 99 баллға дейін төменгі баллға сәйкес келеді. Бағалау нәтижесі бойынша 49, 99 баллдан кем алған мемлекеттік органның қызметі тиімсіз деп танылады.

Ескерту. Әдістеме 54-14-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599, жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2014.09.24 № 412 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

## 16. Бағалау нәтижелерін қайта тексеру

55. Тексеру іс-шаралары Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша не бағаланатын мемлекеттік органдардың растайтын құжаттары бар келіспеушіліктері түскен кезде жүзеге асырылуы мүмкін.

Күнтізбелік он бес күн ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық үәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және бағаланатын мемлекеттік органдарға қайта тексеру нәтижелері бойынша келіспеушіліктерді

қабылдау не қабылдамау туралы негізделген қорытындыларды жібереді. Келіспеушіліктер қабылданған жағдайда бағалау нәтижелері туралы қорытындыға тиісті түзетулер енгізіледі.

**Ескерту. 55-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2012.04.25 № 219 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

56. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган нәтижелерді қайта тексеру үшін бағалаудың объективтілігі мен айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында, құрамына бағалауға қатысқан мемлекеттік органдардың қызметкерлері кіре алмайтын арнайы комиссия құрады.

57. Есептілік деректері қосымша зерделеуді және растайтын құжаттарымен таныстыруды талап ететін мемлекеттік органдардың тізбесін және қайта тексеру жүргізу мерзімін Кіші жұмыс тобы айқынайды.

## **17. Мемлекеттік органдардың бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау нәтижелері жөніндегі**

**Сарапшылық комиссиясының ұсынымдарын іске асыру бойынша іс-шаралардың пост-аудиті**

**Ескерту. 17-тaraу алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 2012.12.29 № 581 Бұйрығымен.**

## **18. Қайта ұйымдастырылған және таратылған мемлекеттік органдарды бағалау жүргізу тәртібі**

**Ескерту. Әдістеме 18-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 2012.12.29 № 581 Бұйрығымен.**

64. Бағаланатын мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда бағаланатын жылдың бірінші жартышылдығында осы органды бағалау мемлекеттік органды - құқық мирасқорын бағалау шенберінде жүзеге асырылады және мемлекеттік орган – құқық мирасқорын бағалаудың қорытынды баллын есептеу кезінде ескеріледі.

65. Бағаланатын мемлекеттік орган бағаланатын жылдың екінші жартышылдығында қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда осы органды бағалау жүзеге асырылмайды.

66. Бағаланатын жылдың екінші жартышылдығында қайта ұйымдастырылған немесе таратылған мемлекеттік органның қызметін талдау мемлекеттік органды - құқық мирасқорын бағалау шенберінде ескеріледі, ұсынымдар ретінде пайдаланылады және мемлекеттік органның - құқық мирасқорының қорытынды балына енгізілмейді.

## **19. Бағалау нәтижелерін қайта шағымдану ресімі**

**Ескерту. Әдістеме 19-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 2012.12.29 № 581 Бұйрығымен.**

67. Бағалау нәтижелерін алған күннен бастап бағаланатын орган бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға растайтын құжаттармен наразылық жіберуге құқылы.

68. Бағалау нәтижелеріне наразылық болмаған жағдайда бағаланатын мемлекеттік орган бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға тиісті хабарлама ұсынуға міндettі. Белгіленген мерзім өткеннен кейін бағаланатын мемлекеттік органдардың наразылықтары қабылданбайды.

69. Қайта шағымдану ресімін жүргізу үшін ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органда Арнайы комиссия құрылады, оның құрамына наразылықтарын ұсынған мемлекеттік органдарды бағалауға қатысқан қызметкерлер кіруі мүмкін. Арнайы комиссияның саны мен құрамын ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган дербес айқындаиды, бірақ бес адамнан кем болмауы тиіс.

70. Бағаланатын мемлекеттік органдардан растайтын құжаттары бар наразылықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган Әдістеменің 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бюджет қаражатын басқару қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша келіспеушілік кестесін (бұдан әрі - Келіспеушілік кестесі) қалыптастырады және Арнайы комиссияның қарауына енгізеді.

71. Арнайы комиссия наразылықтарды қарау және бағалау нәтижелерінің объективтілігін айқындау бойынша отырыстар өткізеді, оған наразылық берген бағаланатын мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ мұдделі салалық орталық мемлекеттік органдардың өкілдері шақырылады.

72. Арнайы комиссия отырыстарының және наразылықтарды қарау қорытындысы туралы алқа шешімінің қабылдануы нәтижелері бойынша Келіспеушілік кестесі пысықталады және Арнайы комиссияның төрағасы және бағаланатын мемлекеттік органның өкілі қол қояды.

73. Бағаланатын мемлекеттік органдардан растайтын құжаттары бар наразылықты алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Арнайы комиссияның қайта тексеруінің нәтижелері бойынша бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган Сарапшылық комиссиясының жұмыс органына және бағаланатын мемлекеттік органдарға наразылықты қабылдайтыны не қабылдамайтыны туралы негізделген қорытындыны жібереді. Наразылықтар

қабылданған жағдайда сонымен бірге бюджет қаражатын басқару жөніндегі мемлекеттік органның қызметінің тиімділігін бағалаудың нәтижелері туралы түзетілген қорытынды жіберіледі.

## **20. Мемлекеттік органдардың толық емес және сапасыз ақпарат ұсынуы**

**Ескерту. Әдістеме 20-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 2012.12.29 № 581 Бұйрығымен.**

74. Бағаланатын мемлекеттік орган бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға Әдістеменің 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес толық және дәйекті ақпаратты Бағалау жүргізу кестесінде белгіленген мерзімде ұсынады.

**Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бұйрығымен.**

75. Уақтылы емес, толық емес және дәйексіз есептік ақпарат ұсынылған жағдайда мемлекеттік органның қорытынды бағасынан осы бағыт бойынша айыппұл баллдары шегеріледі.

76. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға Бағалау жүргізу кестесінде көзделген мерзімнен кеш ұсынылған есептік ақпарат уақтылы емес деп танылады.

Мемлекеттік органның уақтылы емес есептік ақпарат ұсынғаны үшін 1 айыппұл баллы көзделген.

77. Есептік ақпараттың құрылымына белгіленген талаптарда көзделген элементтері (қосымшалар, бөлімдер, тараулар, кестелер, көрсеткіштердің мәндері және т.б.) жоқ есептік ақпарат Әдістемеге қосымшаларға сәйкес толық емес деп танылады.

Мемлекеттік органның толық емес есептік ақпарат ұсынғаны үшін 1 айыппұл баллын шегеру көзделген.

78. Қайта тексеру барысында дұрысқа сәйкес келмейтін фактілер анықталған есептік ақпарат дәйексіз деп танылады.

Мемлекеттік органның дәйексіз есептік ақпарат ұсынғаны үшін 1 айыппұл баллы көзделген.

79. Уақтылы емес, толық емес, дұрысқа сәйкес келмейтін ақпараттардың фактілері бағаланатын мемлекеттік органдардың есептік ақпаратында қамтылған деректерді қайта тексеру қорытындысы бойынша жасалатын Әдістеменің 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша салыстыру актісінде тіркелуі тиіс.

80. Анықталған фактілер бойынша ақпарат Мемлекеттік органның қызметінің тиімділігін бағалаудың нәтижелері туралы қорытындының "Қорытындылар мен ұсынымдар" бөлімінде көрсетіледі.

**Мемлекеттік қаржылық бақылау органдардың бақылау нәтижелері  
және нұсқамалар мен қаулылардың орындалуы туралы ақпарат  
ЖЫЛҒЫ**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013  
№ 599 бүйрүғымен.

р / н	ББӘ атауы	Бюджеттік бағдарлама атауы	тексеру кезеңі	бакылаумен қамтылған қаражат көлемі	оның ішінде бағалатын кезеңде	барлығы	багалау		кезеңінде		анық мем. са т ал рәсі жуз асы кезін	
							бұзушылықтар көлемі		оның ішінде:			
							тиімсіз пайдалану	қаражат бюджетке түсken кезде кіріс бөлігі)	бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалану кезінде	бухгалтерлік есепті жүргізу және каржылық есептілікті жасау кезінде		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	

**жалғасы**

өтеуге анықталғаны	сомада өтелгені	калпына келтіруге анықталғаны	сомада калпына келтірлгені	Бақылау нәтижелері бойынша құқық қорғау органдарына істі қарауға туралы мәлімет		жауапкершілікке тарту туралы ақпарат				
				барлығы жіберілген (фактілер бойынша көрсету)	қозғалған қылмыстық істердің саны	тәртіптік жазалар бойынша саны	тексеру нәтижелері бойынша жұмыстан босатылғандар саны	әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша қозғалған істер саны		
13	14	15	16	17	18	19	20	21		

Мемлекеттік қаржылық бақылау  
органының басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы) (қолын толық жазу)

Мемлекеттік органының бюджет  
қаражатын басқарудың  
тиімділігін бағалау әдістемесіне  
2-қосымшасы

**20 \_\_\_\_ жылғы Бюджет қаражатының игерілмеу себептері**

(мемлекеттік органның атауы)  
(мың тенге)

ББК коды	ББӘ-ның (бюджеттік бағдарламаның) атауы)	Бір жылға арналған түзетілген бюджет	Қабылданбаган міндеттемелер сомасы	Төленген міндеттемелер	Атқарылу %	Атқарылмау сомасы
1	2	3	4	5	6	7
	БАРЛЫҒЫ ББӘ бойынша жиыны Бюджеттік бағдарламалар					

кестенің жалғасы

Оның ішінде		оның ішінде мыналардың есебінен				
Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемдеу	Объективті, Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен тәуелсіз	Басқа себептер	ББӘ-нің бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқаруы (конкурстық ресімдерді уақтылы өткізу, оларды өткізу мерзімін көшіру, өнім берушінің шарт талаптарын бұзуы, орындалған жұмыс актілерін, тауар жеткізушилердің нарығын талдаудың шот-фактураларын уақтылы ұсынбау)	Каражатты негізdemесіз жоспарлау (бюджет каражатының қажет болмауы, аса көтеріңкі құндық көрсеткіштер, жылдық жоспарлардың айлар бойынша дұрыс бөлінбеуі)	Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді уақтылы қабылдамау және басқа себептер	Еске
8	9	10	11	12	13	14
						15

Орталық мемлекеттік органның  
басшысы/облыстың,  
республикалық маңызы бар  
қаланың, астананың әкімі \_\_\_\_\_  
(қолы) (таратып жазылуы)

Мемлекеттік органның бюджет  
каражатын басқарудың  
тиімділігін бағалау әдістемесіне  
3-қосымшасы

## "Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" критерийі бойынша талдау нәтижелері туралы ақпарат

(орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның атауы)

(есепті кезең)

Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы: \_\_\_\_\_

Бюджеттік бағдарлама \_\_\_\_\_

Сипаттау: \_\_\_\_\_

Атауы	Өлшем бірліктері	Есепті қаржы жылы на жоспарланған бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштері	Көрсеткіштердің нақты орындалуы	Ауытқу	Көрсеткіштердің орындалу % (4бағ./3бағ.* 100%)	Бюджеттік бағдарламалар каражатының орындалмау және нәтижелерге қол жеткізбей себептері / нәтижеге қол жеткізуді растау (№ және күні, құжаттың атауы)
1	2	3	4	5	6	7
Тікелей нәтиженің көрсеткіші, оның ішінде:						
- бюджеттік инвестициялық жобалар						
- іс-шаралар бөлінісінде						

Орталық мемлекеттік органның  
басшысы/облыстың,  
респубикалық маңызы бар  
қаланың, астананың әкімі \_\_\_\_\_  
(қолы) (қолын толық жазу)

Мемлекеттік органның бюджет  
каражатын басқарудың  
тиімділігін бағалау әдістемесіне  
4-қосымшасы

\_\_\_\_\_ жылды құрылыш және реконструкциялау объектілерінің құнының қымбаттауы туралы ақпараты

(мемлекеттік органның атауы)

(мың теңге)

ББӘ (бюджеттік бағдарламаның) коды (атауы)	Объектінің атауы, қымбаттауды мақұлдаған бюджеттік комиссия шешімінің нөмірі мен күні	Объектінің бастапқы құны	Түзетуден кейінгі құрылыштың құны	Қымбаттау	Себебі
1	2	3	4	5	6

Орталық мемлекеттік органның  
басшысы/облыстың,  
респубикалық маңызы бар  
қаланың, астананың әкімі \_\_\_\_\_  
(қолы) (қолын толық жазу)

Мемлекеттік органның бюджет  
каражатын басқарудың  
тиімділігін бағалау әдістемесіне  
5-қосымшасы

\_\_\_\_\_ жылды үақтылы пайдалануға берілмеген объектілер туралы ақпарат

Ескерту. 5-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599 бүйрекшімен.

Мемлекеттік органның бюджет  
каражатын басқарудың  
тиімділігін бағалау әдістемесіне  
6-қосымша

**Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау нәтижелері туралы қорытынды**

(орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның атауы)

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599, өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2014.09.24 № 412 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

(есепті кезең)

№	Бағалау критерийлері	Накты орындалуы	Әрбір критерийдің баллдары
1	Бюджетті атқару және жоспарлау сапасының деңгейі		
1-	Тиісті қаржы жылына бөлінген қаражатты игеру		
2	Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражатты үнемдеу		
1-	Шығыстардың бекітілген көлеміне бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қайта бөлінген қаражатының көлемі		
4	Бюджеттік инвестициялық жобаның сметалық құнын ұлғайту фактілерінің болмауы немесе болуы		
5	Дебиторлық және кредиторлық берешектердің болмауы		
2	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексеру қорытындылары бойынша бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы		
2-	Мемлекеттік органдар шығыстарының жалпы көлемінде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тиімділік қағидатына сәйкес келмейтін шығыстар		
3	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген нұсқамалар мен қауылдарды орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар		
3-	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша енгізген нұсқамалар мен қауылдарға сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасына шаққанда белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемі		
2	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша енгізген нұсқамалар мен қауылдарға сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алуда көрсету жолымен бюджетке қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының көлемі		
4	Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қол жеткізу		
4-	Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қол жеткізу		
2	Бюджеттік бағдарламалардың нәтижелілігінің көрсеткіштерін жоспарлау сапасы		
5.	Бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі		
Жалпы баға:			

Орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның қызметінің тиімділігін бағалау критерийлері

1. "Бюджетті атқару және жоспарлау сапасының деңгейі" критерийі бойынша:

---

2. "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексеру қорытындылары бойынша бюджеттік және өзге

---

3. "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген нұсқамалар мен қаулыларды орындау бойынша

---

4. "Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" деген критерий бойынша":

---

5. "Бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі" критерийі бойынша:

---

Қорытындылар мен ұсынымдар:

---

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі  
орталық уәкілетті органның басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы) (қолын толық жазу)  
20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ "

Мемлекеттік органның бюджет  
қаражатын басқарудың тиімділігін  
бағалау әдістемесіне  
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 14.12.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### Критерийлер мен көрсеткіштердің балдары

№	Критерийдің/көрсеткіштің атауы	балл
1	Бюджетті атқару және жоспарлау сапасының деңгейі - 28 балл	
1-	Тиісті қаржы жылына бөлінген қаражатты игеру	12
	100%	12
	99,9 - 99,7%	11
	99,6 - 99,4%	10
	99,3 - 99,1%	9
	99,0 - 98,8%	8
	98,7 - 98,5%	7

	98,4 - 98,2%	6
	98,1 - 97,9%	5
	97,8 - 97,6%	4
	97,5 - 97,3%	3
	97,2 - 97,0%	2
	96,9 - 96,7%	1
	96,6 % және одан кем	0
1-	Шығыстардың бекітілген көлеміне бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қайта бөлінген қаражатының көлемі	4
2	Бекітілген бюджеттен қаражатты қайта бөлудің болмауы	4
	Қайта бөлінген қаражаттың көлемі:	
	5%-ға дейін	3
	5,1 - 7%	2
	7,1 - 10%	1
	10,1%-дан астам	0
1-	Бюджеттік инвестициялық жобаның сметалық құнын ұлғайту фактілерінің болмауы/болуы	4
3	Бюджеттік инвестициялық жобалардың сметалық құнын ұлғайту фактілерінің болмауы	4
	Бюджеттік инвестициялық жобалардың сметалық құнының ұлғауы	
	2%-ға дейін	2
	2%-дан астам	0
	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінде бюджеттік инвестициялық жобалардың болмауы	2
1-	Дебиторлық және кредиторлық берешектердің болмауы	8
4	Дебиторлық берешектің болмауы	4
	Дебиторлық берешектің өзгерістері:	
	азаю жағына қарай:	
	1-20%	1
	21-50%	2
	51-99,9%	3
	ұлғаю жағына қарай	0
	Кредиторлық берешектің болуы	4
	Кредиторлық берешектің өзгерістері	
	азаю жағына қарай	1
	1-20%	1
	21-50%	2
	51-99,9%	3
	ұлғаю жағына қарай	0
2	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексеру қорытындылары бойынша бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы - 12 балл	
2-	Бұзушылықтардың болмауы/болуы	8
1	Бұзушылықтардың болмауы	8

	Есепті кезенде қаржылық бақылау органдарының тексерулер жүргізбеуі	4
	Мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінде айқындалған бұзушылықтардың сыйыптауышына сәйкес бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының жалпы көлемінен бұзушылықтардың болуы (тиимсіз шығыстары қоспағанда)	
	5%-ға дейін	3
	5,1 - 9,9%	2
	10,0 - 14,9%	1
	15%-дан астам	0
2-	Мемлекеттік органдар шығыстарының жалпы көлемінде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тиімділік қағидатына жауап бермейтін шығыстар	2
	Тиімділік қағидатына жауап бермейтін шығыстардың болмауы	2
	1.1-көрсеткішінің игерілген бюджет қаражатының сомасынан мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тиімділік қағидатына жауап бермейтін шығыстар	0
2-	Мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік қаржылық бақылау органдары растиған шағымдардың болмауы/болуы	2
	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексерулерімен расталған шағымдардың болуы	0
	Шағымдардың, сондай-ақ мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексерулерімен расталмаған шағымдардардың болмауы	2
3	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген нұсқамалар мен қаулыларды орындау бойынша қабылданған (іскеасырылған) шаралар - 10 балл	
3-	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген нұсқамалар мен қаулыларға сәйкес бюджеттің кірісіне қайтарылуға жататын бұзушылықтардың жалпы сомасын ашаққанда белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемі (сот талқылауларына байланысты өтеуге жататын сомаларды қоспағанда)	5
	Бюджетке өтелетін соманың болмауы	5
	Белгіленген мерзімде бюджетке өтелген бұзушылықтар сомасының 100% көлемі	2
	70,0 - 99,9%	1
	70%-дан кем	0
	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі	2
3-	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының енгізілген нұсқамаларымен қаулыларға сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алууды көрсету жолымен қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасының жалпы көлеміне шакқанда белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының көлемі (сот талқылауларына байланысты қалпына келтіруге жататын соманы қоспағанда)	5
	Бюджетке қалпына келтірілетін соманың болмауы	5
	Белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының 100% көлемі	2
	70,0 - 99,9 %	1
	70,0 %-дан кем	0
	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі	2
4	Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қолжеткізу - 28 балл	
4-	Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қолжеткізу	24
	100%	24
	99,9 - 99,3%	23
	99,2 - 98,6%	22

	98,5 - 97,9%	21
	97,8 - 97,2%	20
	97,1 - 96,5%	19
	96,4 - 95,8%	18
	95,7 - 95,1%	16
	95,0 - 94,4%	14
	94,3 - 93,7%	12
	93,6 - 93,0%	10
	92,9 - 92,3%	8
	92,2 - 91,6%	6
	91,5 - 90,9%	4
	90,8 - 90,2%	2
	90,1% және кем	0
4-2	Бюджеттік бағдарламалар нәтижелілігінің көрсеткіштерін жоспарлау сапасы	4
	Бюджеттік бағдарламада мемлекеттік органның тиісті мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары мен бағалаудың жататын сандық өлшемді болып табылатын нәтижелік көрсеткіштерінің болуы	4
	Бюджеттік бағдарламада тиімділік көрсеткіштерінің бірінің болмауы, тікелей нәтижеге қолжеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін сандық сипаттаманың орнына іс-шаралардың болуы, түпкі нәтижелері бар тікелей нәтижелердің қайталануы, басқа бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштері мен бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің қайталануы, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің мақсаттары мен міндеттеріне тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің сәйкес келмеуі	0
5.	Бюджеттік бағдарланы орындау тиімділігі - 22 балл	
	100%	22
	99,9 - 99,3%	21
	99,2 - 98,6%	20
	98,5 - 97,9%	19
	97,8 - 97,2%	18
	97,1 - 96,5%	17
	96,4 - 95,8%	16
	95,7 - 95,1%	15
	95,0 - 94,4%	14
	94,3 - 93,7%	12
	93,6 - 93,0%	10
	92,9 - 92,3%	8
	92,2 - 91,6%	6
	91,5 - 90,9%	4
	90,8 - 90,2%	2
	90,1% және одан кем	0

Мемлекеттік органның бюджет  
каражатын басқарудың тиімділігін

Ескерту. Әдістеме 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің  
м.а. 2012.12.29 № 581 Бұйрығымен.

Нысан

**Бюджет қаражатын басқару жөніндегі қызмет тиімділігін бағалау  
нәтижелері бойынша келіспеушіліктер кестесі**

(бағаланатын мемлекеттік орган)

p/c №	Бюджетті атқару жөніндегі үәкілетті органның қорытындысы	Бағаланатын мемлекеттік органның қарсылығы	Шағымдану қорытындысы бойынша шешім қабылданады/ қабылданбайды	Қарсылықтың қабылданбау себебі
1	2	3	4	5
1				
2				

Шағымдануды ескере отырып жалпы балл \_\_\_\_\_ құрады

Комиссия төрағасы, лауазымы \_\_\_\_\_  
қолы қолды таратып жазу

Шағымдану қорытындысымен таныстым:

Мемлекеттік органның өкілі, лауазымы \_\_\_\_\_  
қолы қолды таратып жазу

Бюджет қаражатын басқарудың  
тиімділігін бағалау әдістемесіне  
9-қосымша

Ескерту. Әдістеме 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің  
м.а. 2012.12.29 № 581 Бұйрығымен.

Нысан

**Есепті ақпаратта қамтылған деректерді қайта тексеру  
қорытындысы бойынша  
САЛЫСТЫРУ АКТИСІ**

(орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның атауы)

(есепті кезең)

№	Атауы	Шегерілетін баллдар
1	Есепті ақпаратты уақтылы ұсынбау	

2	Толық емес ақпаратты ұсыну
3	Дәйексіз ақпаратты ұсыну
БАРЛЫҒЫ:	

1. Бағалау кестесіне сәйкес мемлекеттік органның есепті ақпаратты жіберу мерзімі: 20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_. Есепті ақпаратты ұсынудың нақты қуні: 20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_. Шегерім: \_\_\_\_\_ баллды құрайды.
2. Толық емес ақпарат ұсынылды, оның ішінде есепті ақпараттың құрылымында белгіленген талаптарда көзделген мынадай элементтер (қосымшалар, бөлімдер, кестелері, көрсеткіштердің мәндері және т.б.) жоқ:
- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- ...
- Шегерім: \_\_\_\_\_ баллды құрайды.
3. Дәйексіз ақпарат ұсынылды. Қайта тексеру барысында мынадай дұрысқа сәйкес келмейтін фактілер анықталды:
- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- ...
- Шегерім: \_\_\_\_\_ баллды құрайды.
- ЖИЫНТЫҚ ШЕГЕРІМ: \_\_\_\_\_ балл.
- Уәкілетті органның өкілі,  
лауазымы \_\_\_\_\_  
(құні) (қолы) (қолды таратып жазу)
- Бағаланатын мемлекеттік  
органның өкілі, лауазымы \_\_\_\_\_  
(құні) (қолы) (қолды таратып жазу)

Қызмет бабында пайдалану үшін

№ дана

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2012 жылғы 10 қантардағы

№ 9 бұйрығына

2-қосымшасы

**РҚАО-ның ескертпесі: "КБПУ" грифімен берілген 2-қосымша "Зан" деректер базасына енгізілмейді.**

## **Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесі**

Ескерту. Әдістемеге өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.12.2013 № 599, 2014.09.24 № 412 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 14.12.2015 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК